

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ж. АЙМАУЫТУЛЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Жанарбекұлы А.

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиетінің магистранты
Астана қ., Қазақстан*

**Ғылыми жетекші: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті
кафедрасының профессоры, филол.ғ.д. Тұрысбек Р.С.*

E-mail: abzal00321@gmail.com

Аннотация. Ж. Аймауытулы – писатель, искусно иллюстрировавший образ своего времени и общественные, морально-философские проблемы. В статье подробно изучены и проанализированы эти вопросы в рассказах писателя. В произведениях писателя масштабно отражены нравственные проблемы, вызванные ужасами голода, проблема писательской честности современников-коллег. При этом анализируется идея и художественное мастерство автора. Рассматривая данные вопросы путем анализа двух рассказов, делается вывод.

Ключевые слова: период, мораль, нравственность, писатель, голод

Abstract. J. Aimauytuly is a writer who skillfully illustrated the image of his time and social, moral and philosophical problems. The article examines and analyzes these issues in detail in the writer's stories. The writer's works reflect on a large scale the moral problems caused by the horrors of hunger, the problem of the writer's honesty of contemporaries-colleagues. At the same time, the author's idea and artistic skill are analyzed. Considering these issues by analyzing two stories, the conclusion is made.

Keywords: period, moral, morality, writer, famine

Әңгіме – аз ғана суреттеу арқылы бүтін оқиғаны баяндап беретін прозаның түрі. Осы себептен әңгімелер дүйім оқырманның махаббатына ие болып жатады. Әңгіме қысқа болатынына қарамастан толыққанды сюжеті, кейіпкерлері мен моралі болады. Әңгіме жанрына академик З. Ахметов мынадай анықтама береді: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады... Әңгімеде де, басқа жанрлар секілді, алдымен адам – оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сөйтіп әңгіме көлемі шағын шығарма болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі екеніне сөз жоқ. Оған қатынасатын кейіпкерлер де көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы, ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ-сонар суреттеме беріп жатуға орын жоқ. Бір оқиға, тартыс-қақтығысты бейнелеумен кейіпкерлердің мінез-тұлғасы толық, айқын көрініс тауып, маңызды ой-түйіндер жасалуы қажет. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айырықша көркемдік шеберлікті талап етеді» [1. 89-90].

Ж. Аймауытулының әңгімелерінде кейіпкерлердің адамгершілік бейнесі, замана шындығы, саяси-қоғамдық мәселелері, жетістігі мен трагедиясы, т.б. адам өмірінің түрлі аспектілері жан-жақты суреттелген. Жазушы аздаған сурет арқылы көп жайды аңғартып, кейіпкерлер тұлғасын толық ашып, ой-қорытындылар жасаған. Қаламгер қаламынан туған әңгімелерден Кеңес үкіметі енді орнаған кезеңдегі қоғам тынысын, адамгершілік құндылық мәселелерін айқын көруге болады. Заманының қиыншылығында, зобалаңдарында адамдардың нендей әрекет қылып, қалай өмір сүргенін автор барынша шынайы суреттеген. Зобалаңы деп отырғанымыз – ашаршылық нәубеті. «Жаңабайдың жанындағы трагедия» әңгімесі ұлт жанашыры Жүсіпбектің ащы шындықты төтенше шынайы бейнелеуімен

ерекшеленеді. Шығарма кейіпкері, ұры деген айып тағылған Жаңабай туған ауылынан кетіп, отбасымен иен даланы кезіп жүргенде: «Шынымен қазақ даласы құла түз болып, қуарып қалғаны ма? Сайран салып, сауық құрып, жер қайысқан мал бағып, ақар-шақар думан болып жататын ел жоғалып, шынымен сол елдің арты көлеңкедей елбеңдеген, сағымдай бұлдыраған сұлдер болғаны ма? Бұлардың тіршілігі қанша? Бұлар тұқым болып не жарытады?...» [2. 78-79], - деген ауыр ойларға батады. Бұл тұста автор өз көзімен көргенін, сезгенін, қайғы-қасіретін шығарма кейіпкері арқылы оқырманға жеткізіп тұр. Мұндай зауалдан кейін бүтін ұлттың тіршілік бәйгесіне ілесіп кете алуы, әрі қарай өмір сүре алуы екіталай екені айдан анық еді. «Адам көрінсе, ұзамай-ақ, қадау-қадау қыстау көрінеді. Қыстауда ел бардай, мал бардай, ат шалдыратындай дәмеленеді. Таяна келсе, қыстаудың арасындағы мал сияқты қарайғандар құлаған қораның тамтығы, сорайған пештің мойыны, әйтпесе күл төбе болып кетеді. Анда-санда қораның төбесінен өлімсіреген қылдырықтай бозша түтін шығады. Ауылдың өлімсірегенін түтін де сөйлегендей болады» [2. 79], - деп суреттеген қаламгер қазақ даласының қаралы көрінісін барынша шынайы етіп оқырман көзіне елестетеді. «Өлімсіреген» деген сөзді бірнеше рет қолдануының да мәні бар. Ауылдың өлімші күйін өлімсіреген түтінінен білуге болатындығы рас. Басы бақыр қазандай, мойны қылдай балалар отыратынын да айтып өтеді. Аштыққа душар болған кішкентай баланың физиологиясы осындай болатындығы баршамызға мәлім. Аянышты, мұнды хәлді жазушы итке де байланыстыра бейнелейді. Бас кейіпкер тіпті абалаған ит те өмірдің тынысы екенін ұғынады. Иттің тамағына адам зар болғанын, есі бар ит кейіпкердің өзі сықылды тышқан аулап, ауылдан безіп кеткенін ойлайды. Ауылда қалғанын аштар жеп құртқан деген қорытындыға келеді. Бас кейіпкер шығарма желісінде бірнеше мәрте итке теңелетінін байқаймыз. Үй ішін алып, ауылдан кеткенде, жақсы иттей, қазаққа қарасын көрсетпей өлмекші екені айтылады.

Қаламгер ашаршылықтың ең қорқынышты әрі жиіркенішті бейнесін еш шімірікпестен суреттейді. Оны мына үзіндісінен аңғарамыз: «Жаңабай мойнын созып, төргі үйге қарады. Пештің түбінде бүркеулі бір нәрсе жатыр: «анауың не? – деп еді, қатынның бет аузы тағы да аттай тулап, тұтығып, сөйлей алмады. Жаңабай барып, бүркеулі нәрсені ашып еді – өлген бала екен. Қасқыр жеген малдай, борбай еті борша, сүйегі ақсиып тұр. Жаңабай жапты да, кейін шегінді, бір нәрсені зерттегендей келді де, қазанды ашты. Қатын қалт-қалт етеді. Олай-бұлай сүзгенде шөмішке бір-екі борша ілінді. Жаңабай шөмішті тастай беріп қатынға бір түйіліп қарады да, тысқа шықты. Жаңабай кірпияз кісі болатын. Жүрегі айнып арбасына қарай жүрді. Албасты қатын... жемтік, борша борбай... көз алдында тұрғандай... Мұндай да әлемет болады екен? Айуан-ай! Өз баласын өзі жеді-ау!.. Адам ба? Албасты ма? Адам... кәдімгі екі аяқты айуан адам. Ажалмен алысқан адам айуаннан бетер болады екен-ау. Шыбын жаны құрғыр неден мұнша тәтті болды екен!.. Оған да кінә жоқ» [2. 80-81].

Автор бірнеше теңеулерді есепке алмағанда артық-ауыс айшықтау мен құбылтуды қолданбай, барды бар етіп, төтесінен суреттейді. Осы тұстан Жүсіпбектің натуралистік шеберлігі айқын көрінеді. Аса үрейге толы, жиіркенішті де ауыр көріністі еш тұспалсыз, тура баяндап береді. Жағдайдың қаншылықты сұмдық екенін жеткізу үшін автор ең тұрпайы, төте суреттеуді таңдаған. Егер де қаламгер басқа тәсілге жүгінген болса осыншама алапат шындықты ойындағыдай бейнелей алмас еді. Бұл тұста аштық зобалаңынан зардап шеккен халықтың адамгершілік бейнесінің, адами тұлғасының осылайша жойылып кетуі бек мүмкін екендігіне куә боламыз. Алдында азапты өлім күтіп тұрған, аштықтан әбден құр сұлдері қалған адамның бойын экзистенциалды қорқыныш билеп, өз қарекетіне өзі жауап бере алмайтындай хәлге жетеді. Жаңабай ол әйелді қанша айыптап, жиіркенсе де, ақырында «оған да кінә жоқ», - деп сөзін аяқтайды. Алайда Жаңабайдың өзі шығарма желісі бойы ондай әрекетке бармайды. Ұрлықтан қағылған ол ендігі я бір ғажайыпқа, я өлімге бел буады. Қанша азаптанса да, өзінің адамгершілігінен аттап өткісі жоқ. Бұл үзіндідегі «ажалмен алысқан адам айуаннан бетер болады екен-ау» деген тұсынан жазушының ой қорытындысын көре аламыз. Шығармада амалы таусылған адамзат қоғамының моральдық бейнесі қалайша түбегейлі құлдырауға ұшырағаны тура суреттеледі.

Шығарманың аяқталуы да оқырманға төтенше әсер береді. Түтіні шығып тұрған үйді көріп шығуға келген Ермекбай Жаңабайды сұрағанда балалардың сасқалақтап, қорыққаны байқалып қалады. Әйелі Батпа да күйеуінің қайда екені туралы жөнді жауап бере алмайды. Оқырманға осылайша жан түршігерлік финал мәлім болады: «Балалар сасқалақтап, қорыққан іспетті көрінді. Ғазиздің көзі бұрышта жатқан нәрсеге түсіп кетті. Ермекбай аңырайып, аз тұрды да, бұрыштағы бүркеулі тұрған нәрсені ашып жіберді – Жаңабай екен. Үстіндегі киімінің әр жеріне қан тамыпты. Шидем күпісін жұлып алса, екі саны қасқыр жегендей, жырым-жырым болып, сүйегі ақсиып жатыр екен. Айтуға сөз табылмады. Бәрінің сұры қашып, қалшылдап, сіресіп, көздері аларып кетті» [2. 83-84]. Көргеніне жағасын ұстаған Жаңабай өзі де ақыры осындай өлімге душар болады. Осылайша, бұл шығарма амалсыз әрі жан түршігерлік жағдайда қалған, заманының зобалаңынан азап шеккен, ажалмен алысып айуандыққа баруға мәжбүр болған қазақтың тағдыры туралы болды.

Сол бір нәубет кезеңде аштарға өз қолымен жәрдем беріп, көмек жинаудың басы-қасында болғаны үшін Ж. Аймауытұлының үстінен қылмыстық іс қозғалады. Сонда Жүсіпбек соттың үшінші күнінде сөзін былай сөйлепті: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады, құн беріп, құн алады, қалың мал береді, қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі еш уақытта қолхат алмайды, ешбір протокол жасамайды: бәрін ауызша сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем үлестірген кезде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» [3. 33]. Демек, шығармадағы қайғы-қасіреттің бейнеленуі, заманының ақиқаты мен адамгершілік, мораль мәселелерінің берілуі қаламгердің шынайы, өмірлік тәжірибесінен алынған.

Жүсіпбектің «Елес» әңгімесінде адами құндылықтар басқа қырдан көрінеді. Жазушы деген кім? Ол атқа кім лайық? Қаламгер еліне қандай қызмет атқаруы керек? Бойында қандай қасиеттер болуға тиіс? Міне, осы сынды сұрақтарға автор жауап іздейді. Берілген уақыт мерзімінде қандай мақала жазарын білмей, ойға батып кеткен жігітке (автор бірінші жақтан баяндайды) біреу келіп, аяқ астынан әңгімесін бастап кетеді, не жазып отырғанын сұрайды. Ұйқылы-ояу отырған жігіт жағдайдың шын-өтірігін ұға алмай отырады. Газет-журналға бір-екі сөзі басылса өзін жазушы, ақын екенмін деп санап кететіндердің қатарынан екенін баяндаушы жігіт мойындайды. Осылайша, бас кейіпкердің келбеті таныла бастайды. Келген қонағы төңкерістен бері не жазып келе жатқандары туралы тәптіштеп сұрағанда, баяндаушы бостандық, теңдік, тап күресі, әйел теңдігі, ескі молда, дінге қарсы сөз сынды тақырыптарды қозғайтындары туралы жауап қатады. Сонда қонағы өзінің мысын көрсете бастайды:

- «Төңкерістен бері неше жыл өтті?
- Алты жыл өтіп, жетіншіге аяқ басып тұрмыз.
- Содан беріп қақсап келе жатқан жарапазандарың осы ғой?...
- Енді нені жазу керек?» [2. 70]

Келген қонағы осыншама уақыт бойы құр, жалаң ұраннан басқа еш туындылар шықпағанына қайран болады. Біреуі өткенді жырлап, зарлап, бірі жаңашыл болдым деп ескінің бәрін өртеуге ұмтылып жатыр. «Маркссyz Ленин туар ма еді?», - деген риторикалық сауал қояды. Біреуі қызбен жүргенін, мықынын ұстағанын жазып, екіншісі құр айғайлап жүрсе, енді бірі түлкі боп құйрығын бұлаңдатып жүргенін, тағы басқалары тәржіме жасап қана талшық етіп жүргенін айта келіп, баяндаушыға тікесінен айып тағады. «Сендерде мұрат бар ма? Бағыт бар ма? Жүрек бар ма? Бүгін – идеалист, ертең – материалист, бүгін – реалист, ертең – символист, бүгінгі футурист, тағы үдеме бірдеме «ист», әйтпесе әрқайсысынан бір шөкім. Ақындықты, жазушылықты сауысқанға айырбастап, неден мұнша адастыңдар? Күндік күніңе, өшті-қасты кегіңе, әлде күншілдігіңе бола елдіктің айнасы – әдебиетті ұрыс-керіске, боғауызға айналдырдыңдар. Келешектен ұялсаңдаршы! Күйіп ғой, шыдай алмадым ғой! Айтпайын десем де қоймадыңдар ғой, түге, азып туған мұндарлар! [2. 71]» - деп тұра жөнеледі. Бұл кейіпкердің күйік сөзінен Жүсіпбектің өз көзқарасын, ашу-ызасын байқауға

болады. Автор кейіпкері арқылы асыл өнерге деген көзқарасын білдіреді. Бәрі шет-шетінен төңкеріс бола қалды екен деп шама-шарқына қарамай қолына қалам ұстап, «бірдеңе-ист» болып шыға келіп, мұқабасы бар, мазмұн-мәні жоқ шығарма жазып жүргеніне қаламгер селқос қарай алмайтындығын оқырманға әбден байқатады. Ұрыс-керіс, күншілдік туралы айтқанда сол кезеңдерде басталған әдебиеттегі тұрпайы сынды меңзеген болуы керек.

Онан әрі қарай қонақ баяндаушыға ішіндегі бар айтарын жайып айтып беруге оқталады: «Жазушы кім? Ақын кім? Білесің бе? Олар – заманның айнасы. Елдің тұрмысын, өмірін, тілегін, арманын әдебиет айнасына түсіретін солар. Оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ болып қазаққа ұғымсыз не болса соған еліктемей, шын өмірді, деректі өмірді неге жазбайсыңдар? Төңкерістен бері қазақ елінің басынан қандай күндер өтпеді? Тұрмысқа қандай өзгеріс кірмеді? Қазақ даласын көмірдей басып ақтар өтті. Оның артынан қызылдар келді. Қазақ даласындағы соғыс майданы ашылды. Мұның бәрі қандай із қалдырды? Осыларды қайсың жаздың? [2. 71]». Бұдан соң Кеңес үкіметі орнағаны, ол кездегі алапат олқылықтар, шолақ белсенділер, дүмше мұғалімдер, жұттың, ашаршылықтың қайғы-зардабы, төңкерістің жақсы жақтары, төңкерісшіл ерлердің өмірі, шенқұмарлық, кеңсешілдік сынды тақырыптарды атап өтіп, «неліктен осы тақырыпта ешкім жазбайды?» - деген сұрақтың астында қалдырады. Ақыр соңында, баяндаушыға алтыатарын кезегенде, жазбаймын деген жауапты естігенде ғайып болады. Осылайша, бұл елес баяндаушыға соншалықты әсер еткен болып шығады. Жоғарыдағы екі үзіндіден де автордың рухани және жазушылық катарисін байқауға болады. Жүсіпбек қазақ жазушыларын қаламгер ретінде адалдыққа шақырады. Баяндаушының жағынан «мен» деп сөйлегенімен, ішкі ой-пікірі, сезімдері елестің үнімен сөйлейді. Елес баяндаушыға оның және замандастарының тындырып жүрген ісі түкке жармайтындығын қатал үнімен, мысымен басып, дәлелдеп кетеді. Адам ретінде де, жазушы ретінде турашыл, шынайы, ісіне адал болу міндет екенін замандастарының есіне салады. Адами құндылықтардың маңызын айшықтап көрсетеді. Осы шығармасында да аштық тақырыбын бір қозғап өткенін аңғаруға болады. Бұдан Жүсіпбек әңгімелеріндегі адами құндылықтар мәселесінің көтерілу деңгейін көре аламыз.

Қаламгердің бұл әңгімелерінде адами құндылықтар мәнінің мол болып, моральдық мәселелер жоғары деңгейде бейнеленгенімен қатар кезеңінің келбеті де айрықша көрініс табады. «Жанабайдың жанындағы трагедия» әңгімесінде ашаршылық кезіндегі қайғы-қасірет, азап шеккен қазақтың моральдық, адамгершілік трагедиясына куә болсақ, «Елес» әңгімесінде замандастарын адал жазушы болуға шақырған идеясын аңғарамыз. Шағын прозаның майталманы болған Жүсіпбектің қысқа әңгімелерінде заманның, қоғамның түрлі қырлары мен моральдық-философиялық проблемалары ерекше кестелі әрі шынайы суреттелген. Қаламгер әңгімелері суреттеп қана қоймай, сол кезеңдер жайлы құнды ақпараттар береді, түсінік, тұжырымдарымызды қалыптастырады. Сол себептен, бұл туындыларды оқып, зерделеп, талдау әрқашан да өзекті болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. 2-бас. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383 б.

2 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 3-том. – 384 б.

3 Тұрысбек Р. Тарих. Таным. Тағылым: (зерттеу мен зерделеу) – Астана: [б. ж.], 2008. – 508 б.